

**ТЖКОБ Республикалық оқу-әдістемелік  
кеңесінің шешімімен  
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН**

**2026 жылғы 30 маусымдағы № 3 хаттама**

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ  
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҒЫН САҚТАУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ТжКБ ұйымдарындағы академиялық адалдық қағидалары (бұдан әрі – Қағида), білім беру процесінде академиялық адалдық қағидаттарын, білім алушылардың, педагогтердің (оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің) және колледж қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және олар болған жағдайда шаралар қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Академиялық адалдық білім беру процесіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады және колледждің білікті жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды елдің дамуы үшін дайындау миссиясын сәтті жүзеге асыру үшін маңызды.

3. Осы Қағиданың мақсаты – білім алушыларға, педагогтер мен колледж қызметкерлеріне адалдықтың мәнін түсіндіру, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынас құрудағы, сондай-ақ адалдықты дамыту мәселелеріндегі жауапкершілік туралы түсініктерді қалыптастыру.

4. Қағидада келесі ұғымдар қолданылады:

1) **академиялық адалдық** – білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсысының мінез-құлқын анықтайтын, оның ішінде алдау мен плагиаттан аулақ болу, жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, дипломдық және т. б.) орындау кезінде адалдық пен принциптілік, емтихандарға жауап беруде (өз ұстанымын білдіруде, оқытушылармен және басқа студенттермен қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалау) моральдық-адамгершілік нормаларының, принциптері мен құндылықтарының жиынтығы.

2) **бағаланатын жұмыс** – білім алушының белгілі бір оқу кезеңінде оның оқу жетістіктерін анықтау үшін ағымдағы бағалау кезінде орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы (ауызша сауалнама, бақылау жұмыс, жазбаша жұмыс, эссе, дала жұмыстары, зертханалық жұмыс, практикалық жұмыс, өздік жұмыс, зерттеу жұмысы, жоба, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс және т.б.).

3) **цифрлық технологиялар**-білім беру процесінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелер, онлайн платформалар, бағдарламалық қамтамасыз ету және цифрлық құрылғылар;

4) **жасанды интеллект құралдары (ЖИ)** - мәтіндерді, суреттерді, кодты, аналитикалық материалдарды (мысалы, Copilot, ChatGPT және т. б.) автоматты түрде жасауға қабілетті бағдарламалық жүйелер (генеративті модельдерді қоса алғанда);

5) **ЖИ қолайлы пайдалану** - ойлаудың дербестігін сақтай отырып және оны қолдану фактісін міндетті түрде ЖИ көмекші құрал ретінде пайдалану;

6) **жасанды интеллектті пайдалануға жол берілмеуі** - бұл фактіні көрсетпестен толық немесе ішінара жасалған жасанды интеллект материалын өз жұмысы ретінде ұсыну.

5. Осы Қағиданы білім беру процесінің барлық қатысушылары – әкімшілік, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері, қызметкерлер, білім алушылар, олардың заңды өкілдері орындауы міндетті.

6. Колледж әкімшілігі, оқу тобының жетекшілері білім алушыларды осы Қағидамен бірінші кураторлық сағатта таныстыруға міндетті.

## **2. Академиялық адалдық қағидаттары**

7. Білім беру үрдісінде білім алушылардың академиялық адалдығының, олардың жеке адалдығы мен өз оқуы үшін жауапкершілігін дамытатын негізгі қағидаттары:

1) **адалдық** – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал, әдепті орындауы;

2) **автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру** – басқа біреудің сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығын және қорғалуын тану;

3) **ашықтық** – өзара сенім, білім алушылар мен педагогтер арасында ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы;

4) **білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу** – пікірлер мен идеяларды еркін білдіру құқығы;

5) **теңдік** – әрбір білім алушы мен педагогтің осы Қағидаларды сақтау жөніндегі міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік;

6) **технологияларды пайдаланудың ашықтығы** - жұмыстарды орындау кезінде цифрлық құралдар мен ЖИ қолдану фактісін міндетті түрде ашу;

7) **ЖИ жауапкершілікпен пайдалану** - ЖИ тек көмекші құрал ретінде, өз білімі мен дағдыларын өзгертпестен қолдану;

8) **цифрлық этика** - деректерді дұрыс пайдалануды және зияткерлік меншікті құрметтеуді қоса алғанда, онлайн ортада этикалық ережелер нормаларын сақтау.

### 3. Бұзушылықтардың түрлері

8. Осы Қағидаларда білім алушылардың, педагогтердің және колледж қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзуының келесі түрлері көзделеді:

1) **плагиат** – басқа біреудің мәтінін, идеяларын, жұмысын түпнұсқа авторын көрсетпестен (дереккөздерге сілтемелерсіз) пайдалану немесе білім алушының өз бетінше орындағанына күмән келтіретін көлемдегі сілтемелері бар материалдарды пайдалану.

Бөгде мәтінді, идеяны, еңбекті өзінікі етіп көрсету, яғни шынайы авторын көрсетпей пайдалану (дереккөздерге сілтеме жасалмауы), немесе алынған материалдарды сілтемелермен бірге, бірақ жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін көлемде және түрде қолдану – бұзушылық болып саналады, бұған жасанды интеллект арқылы жасалған мәтіндерді дереккөз ретінде көрсетпей пайдалану да кіреді, сондай-ақ, ЖИ нәтижесін елеулі өңдеусіз қайта жазу да ереже бұзушылық ретінде қарастырылады;

2) **жалғандық** – басқа адамнан, ұйымнан алынған немесе сатып алынған біреудің дайын жұмысын өз жұмысы ретінде ұсыну, сондай-ақ, оның негізінде оқыту нәтижелерін бағалау жүзеге асырылатын материал ретінде өз жұмысын басқа адамға саналы түрде бер;

Бөгде адамның немесе ұйымның дайын жұмысын алып немесе сатып алып, өз еңбегі ретінде ұсыну, жасанды интеллект немесе автоматты түрде жасалған сервистердің материалын өз жұмысы ретінде көрсету, сондай-ақ өзінің жұмысын басқа адамға беріп, оны оқыту нәтижелерін бағалау үшін пайдалануға мүмкіндік беру – бұзушылық болып саналады;

3) **сөз байласу** – басқа білім алушы үшін бағаланатын кез келген жұмысты орындау, емтихан кезінде емтихан тапсыруға тиіс білім алушының орнына бөгде адамның қатысуы;

4) **алдау** – бағаланатын жұмыстарды басқа білім алушылардан көшіру; қайта ұсыну, бағаланған жұмысты тапсыру; бағаланатын жұмыстарды орындамаған, уақтылы орындамаған жағдайда жалған сылтаулар айту; топтық жұмыс көзделмеген кездегі екі немесе одан да көп білім алушының бағаланатын жұмысты бірге орындауы; басқа білім алушыларға саналы түрде көмек көрсету: бағаланатын жұмысты көшіруге мүмкіндік беру, шпаргалкаларды пайдалану және т.б.; емтихан немесе тестілеу кезінде жасанды интеллектті пайдалану, егер бұл шарттар бойынша тыйым салынса; онлайн құралдарды жасырын қолдану, дайын жауаптарды автоматты түрде генерациялау немесе жасырын түрде көмекші нұсқауларды пайдалану – бұзушылық болып саналады.;

5) **бағалары өзгерту, деректерін бұрмалау** - бағаларды, тапсырма жауаптарының нәтижелерін қолдан бұрмалау; кез келген ақпаратты немесе дәйексөзді пайдаланудағы бұрмалау немесе ойдан шығару (оған ойдан шығарылған дереккөздер, дәлсіз әрі еркін цитата келтіру, сандық немесе басқа деректерді қолдан жасау және т.б. кіреді); бақылау жазба жұмыстарының

бағаларын негізсіз көтеру; басқа білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі қолдан бұрмалау немесе бүлдіру – бұзушылық болып саналады;

**6) бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен алу** – бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде жауаптарды тарату; материалдарды алдын ала, бағаланатын жұмысты жүргізгенге дейін, басқа білім алушының, педагогтың немесе қызметкердің көмегімен алу (жауаптары бар тест тапсырмалары, емтихан билеттері мен тапсырмалары, жазбаша емтиханға арналған тапсырмалар); бағаланатын жұмыстарды өз жұмысы (курстық, дипломдық жұмыстар және т.б.) ретінде ұсыну үшін сатып алу немесе басқа жолдары; бағаланатын жұмыстарды (курстық, дипломдық жұмыстарды және т.б.) сатып алуға және/немесе сатуға көмек көрсету; жасанды интеллект сервистері арқылы жауаптарды алу, егер олардың қолданылуына тыйым салынса; цифрлық платформалар арқылы жұмыстарды генерациялауға тапсырыс беру – бұзушылық болып саналады;

**7) ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану** – бақылау жұмыстарын орындау, тестілеу кезінде электрондық, цифрлық, қағаз тасымалдаушыларда, техникалық құрылғыларда ақпаратты пайдалану; бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен алу: электрондық пошта, компьютер және т.б. арқылы жүктеу; қағаз және электрондық тасымалдаушыларда бағаланатын жұмыстарға қатысты материалдарды кабинеттен шығару және/немесе педагог қызметкердің компьютерінен материалдары көшіру; тыйым салынған жағдайларда чат боттарын, мәтін генераторларын, аудармашыларды және өзге де цифрлық құралдарды пайдалану;

**8) пара, сыйлықтар немесе қоқан-лоқы көрсету** – білім алушыларға, педагогтерге және қызметкерлерге оқу қызметін бағалау нәтижелеріне ықпал ету мақсатында осы ықпал ету түрлерінің кез келгенін кез келген нысанда пайдалануға тыйым салынады;

**9) жасанды интеллектті орынсыз пайдалану** – жұмыстың толық мәтінін білім алушының ең аз қатысуымен генерациялау; ЖИ қолданылғанын көрсетпеу; плагиатты тексеруден айналып өту үшін ЖИ пайдалану; тәжірибелердің нәтижелерін немесе деректерді ЖИ арқылы қолдан бұрмалау; жалған дереккөздерді жасау үшін ЖИ қолдану – бұзушылық болып саналады.

#### **4. Білім беру процесінде қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

9. Оқу үрдісіне қатысушылар академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылатынын есте ұстауы қажет.

10. Оқытушылар бұзушылықтың әрбір жағдайын тіркейді және білім алушының ағымдағы немесе қорытынды жұмысын бағалауға жол берілмейді. Білім алушыға бұзушылық дәрежесіне байланысты ескерту, сөгіс, оқудан шығару жарияланады.

11. Плагиат, курстық жұмыстарды, дипломдық жұмыстарды/жобаларды сатып алу және сату қарапайым ережелерді бұзу

шеңберінен шығу ретінде қарастырылады және қоғамға қатысты елеулі бұзушылық ретінде қабылданады, сонымен қатар басқа адамдардың материалдарын пайдаланғаны үшін жазаға тартылады.

12. Оқытушылар білім алушылардың жұмысы веб-жүйенің көмегімен плагиаттың бар-жоғына тексерілетіні туралы білім алушыларды хабардар етуге кепілдік береді.

13. Білім алушылар білім беру процесінің толыққанды қатысушылары бола отырып, өздерінің құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс.

**14. Білім алушылар құқылы:**

1) осы Қағидалардың мәтінімен танысуға;  
2) оқу үрдісінде өз пікірін еркін білдіруге;  
3) осы Қағидаларды бұзғаны үшін негізсіз айыптаудан және дәлелдеме беруден қорғануға;

4) цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті оқытушы белгілеген шеңберде пайдалану қажет;

5) жасанды интеллектті пайдаланудың рұқсат етілген шектерін түсіндіруді алу;

6) академиялық адалдық қағидаларын жаңартуға және әзірлеуге қатысуға.

**15. Білім алушылар міндетті:**

1) осы Қағидалардың мәтінімен танысуға және академиялық адалдық көрсетпегені үшін жауапкершілік туралы білуге;

2) біреудің зияткерлік меншігін пайдалануға қатысты қағидаттарды құрметтеуге және сақтауға, кез келген жұмыс түрлерін ауызша және жазбаша нысанда орындау, ағымдағы, аралық және қорытынды бағалау кезінде академиялық адалдықты мүлтіксіз орындауға;

3) бағаланатын жұмыстарды жазу барысында алынған ойлардың авторы мен шығармасы көрсетілетін сілтемелерді (сноска) пайдалану қажет. Жұмыстың соңында міндетті түрде барлық ақпараттық ресурстар көрсетілген библиография болуы тиіс, сондай-ақ жасанды интеллекттің қолданылғаны да көрсетілуі керек;

4) сенімді әрі дәлелді ақпарат көздерін (оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, ғылыми мақалалар және т.б.) пайдалану; жасанды интеллект арқылы алынған ақпараттың шынайылығын тексеру қажет;

5) басқа білім алушыларға өзінің жұмысын ұсынбауға, ұсынылатын жұмыс білім беру процесіне қатысушының жеке жұмысы болып табылатынын есте сақтауға міндетті;

6) тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындау, сандық құралдардан алынған нәтижелерді талдау және қайта өңдеу;

7) тесттерге, жаттығуларға және тапсырмаларға дайын жауаптарды, дайын жазбаша жұмыстарды (эссе, курстық, дипломдық жұмыстар/жобалар және т. б.) пайдаланбау;

8) емтихандарда дайын жауаптарды, электрондық ақпараттарды және байланыс құралдарын пайдаланбауға;

9) оқытушы жасанды интеллектті қолдануға немесе тапсырма шарттары тікелей тыйым салған жағдайда пайдаланбау қажет;

10) өзінің дайын жауаптары мен жұмыстарын басқа білім алушыларға бермеуге және басқа білім алушылардың түпкілікті нәтижелерінің адалдығы мен шынайылығына күмән келтіретін әрекетке жол бермеуге.

16. Колледж әкімшілігі, педагогтары мен қызметкерлері өздерінің күнделікті қызметінде білім беру процесінің әрбір қатысушысына әдептілік, адалдық, ашықтық және құрмет қағидаттарын ұстанғаны үшін жеке моральдық-этикалық және кәсіби жауапкершілікте болады.

**17. Колледж педагогтары мен қызметкерлері міндетті:**

1) білім алушылар арасында ақпараттық жұмыс жүргізуге және олардың академиялық адалдыққа баулуға;

2) өз практикасына академиялық адалдықты енгізуге, академиялық адалдық қағидаларының орындалмауы туралы ескертуге;

3) Қазақстан Республикасының аумағында да, әлемдік қоғамдастықта да қолданылатын авторлық құқықтарды қорғау туралы нормативтік құжаттарды білуге;

4) ата-аналар арасында академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыс жүргізуге;

5) академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша бағаланатын жұмысты орындау алдында білім алушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

6) академиялық адалдық қағидалары орындалмаған жағдайлардың қатаң есебін жүргізуге;

7) жұмыстың әрбір түрі үшін ЖИ пайдалану қағидаларын айқындау, білім алушыларды ЖИ қолданудың рұқсат етілген деңгейі туралы хабардар ету;

8) тәуелсіз ойлауға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу;

9) тексерудің заманауи әдістерін қолдану (плагиатқа қарсы, стильді талдау, ауызша қорғау және т. б.);

10) Қағиданы бұзудың әрбір жағдайы туралы колледж әкімшілігіне жазбаша түрде хабарлауға.

**18. Колледж әкімшілігі міндетті:**

1) білім алушыларға осы Қағидаларды түсіндіру бойынша колледж педагогтері мен қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыруға;

2) педагогтер, қызметкерлер және білім алушылар осы Қағидаларды бұзған кезде көзделген шараларды қабылдау жөніндегі жұмысты жүргізуге;

3) білім алушылар арасында академиялық адалдық мәселелері және оны қолдау әдістері бойынша оқытушылар үшін тұрақты тренингтер мен семинарлар өткізу;

4) педагогтердің, қызметкерлер мен білім алушылардың академиялық адалдығын іске асыруына бақылау және мониторинг жүргізуге.

## 5. Қағиданы бұзған жағдайда шараларды қолдану тәртібі

19. Білім алушылардың академиялық адалдықты бұзғаны анықталған жағдайда оқытушы/өндірістік оқыту шебері Қағидаларды бұзу туралы акт жасайды, топ басшысының қатысуымен білім алушымен әңгіме жүргізеді. Тиісті дәлелдемелері бар Қағидаларды бұзу туралы Акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері колледж әкімшілігіне беріледі.

20. Жүйелі бұзушылық кезінде (2 реттен артық) оқытушы/өндірістік оқыту шебері осы Қағидаларды бұзу туралы Акт жасайды. Тиісті дәлелдемелері бар Қағидаларды бұзу туралы Акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері колледж әкімшілігіне беріледі, өз кезегінде олар барлық құжаттарды тәртіптік комиссияға береді.

21. Жасанды интеллектті дұрыс пайдаланбауға байланысты алғашқы бұзушылық үшін – ескерту жасалып, жұмысты қайта орындау талап етіледі; жүйелі немесе өрескел бұзушылық жағдайында – бағаның төмендетілуі, жұмыстың күшін жою, тіпті оқудан шығару сияқты тәртіптік шаралар қолданылады.

22. Оқытушылар мен қызметкерлердің дұрыс емес академиялық әрекеттері туралы мәлімдемелерді колледж әкімшілігі мен тәртіптік комиссиясы қарайды.

23. Тәртіптік комиссияның жұмысын ұйымдастыру қағидалар мен ішкі тәртіп ережелері арқылы реттеледі.

24. **Тәртіптік комиссия** академиялық адалдықты бұзу, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғау фактілері туындаған кезде тәуелсіз сараптама жүргізуді жүзеге асыратын тәуелсіз сараптама органы ретінде құрылады және білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелеріне және колледж педагогтері мен қызметкерлерінің қызметіне моральдық-этикалық бағалауды қамтамасыз етеді.

25. Тәртіптік комиссияның құрамы әкімшілік, оқытушылар, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері, білім алушылар қатарынан қалыптастырылады және колледж басшысының бұйрығымен бекітіледі.

26. Тәртіптік комиссияның отырыстары этикалық нормаларды бұзу және академиялық адалдық фактілері анықталуына қарай өткізіледі.

27. Өзіне қатысты академиялық адалдықты бұзу туралы мәселе қаралатын кез келген адамның тиісті дәлелдемелер болған кезде, оның ішінде куәгерлерді тарта отырып, өзінің бұзушылыққа қатыстылығына байланысты дауласуға құқығы бар.

28. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін тәртіптік жаза оқу орнының саясатына байланысты және мыналарды қамтуы мүмкін:

1) **Ауызша немесе жазбаша ескертулер:** кішігірім бұзушылықтар үшін немесе бірінші бұзушылық кезінде беріледі.

2) **Академиялық жазалар:** олар бағаны төмендетуді, тапсырмаларды қайта тапсыруды немесе курсты өткізіп жіберуді қамтуы мүмкін.

3) **Тәртіптік сынақ мерзімі:** студентті белгілі бір мерзімге сынақ мерзіміне орналастыру, оның барысында кез келген одан әрі бұзушылық аса ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

4) **Шеттету:** студентті белгілі бір мерзімге академиялық сабақтар мен курстардан уақытша шеттету.

5) **Шығару:** бірнеше рет немесе ауыр бұзушылықтарға байланысты студентті оқу орнынан үнемі шығару.

29. Жалғандық жағдайында қанағаттанарлықсыз баға өз жұмысын басқа адамға бағалау үшін ұсынған білім алушыға да қойылуы керек.

30. Жасанды интеллектті жасырын пайдалану анықталған жағдайда, жұмысты бағалауға жіберілмеуі, қосымша қорғауға (білімді ауызша тексеруге) бағытталуы мүмкін.

31. Тәртіптік комиссия бұзушылық түрлеріне байланысты, білім алушыны оқудан шығаруға немесе оқытушымен/өндірістік оқыту шеберімен немесе қызметкермен еңбек шартын бұзуға дейін қолданылатын тәртіптік жазаның түрі туралы негізделген ұсыныс жасауға құқылы.

32. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін тәртіптік жаза колледж басшысының бұйрығымен ресімделеді.